

**ӘЛ-ФАРАБИ ат. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ**

ДОКТОРАНТУРА PhD

Факультет деканы

_____ Мейрбаев Б.Б.

Ғылыми кеңес хаттама №

26.01. 2025 ж .

**«6D020600-ДІНТАНУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ЖОО-дағы ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА ЖҮРГІЗУДІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ

2025

«6D020600-Дінтану» мамандағы бойынша ЖОО-дағы педагогикалық практика жүргізудің бағдарламасын дайындаған филос.ғ.д., доцент Борбасова Қ.М.

Дінтану және мәдениеттану кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

«16» маусым 202 ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі _____ Құрманалиева А.Д.

1. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Педагогикалық тәжірибесінің мақсаты Жоғарғы оқу орнын бітірушілерін жоғарғы оқу мекемелеріндегі ғылыми педагогикалық қызметке дайындау, дінтанулық пәндерді оқытуды енгізген жоғарғы мектептерде оқу-тәрбие үрдісін жүргізуде тәжірибелік қызмет дағдылырын, дінтанулық пәндер бойынша ғылыми-әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыруды қалыптастыру мен бекіту болып табылады.

Педагогикалық тәжірибенің басты міндеттері:

- ғылыми білімді оқу материалдарына өзгерту мен құрылымдау, пән материалдарын ауызша және жазбаша баяндай білу, түрлі заманауи білім беру технологиялары мен әдістерістің қолдана отырып, жаттығулар мен тапсырмаларды, тесттерді құрай білу және басқада ғылыми-педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмыс дағдыларына баулу;
- оқу - тәрбие мақсаттарын қоя білу, дәріс түрлерін, үлгілерін таңдау, қойылған педагогикалық мақсаттарға сәйкес оқу ісін ұйымдастыру, оқу ісінің тиімділігін бағалау, қадағалау, талдау дағдыларын қалыптастыру;
- оқу материалдарын ұсыну мен құрылымдаудың түрлі тәсілдерімен, оқу ісінің белсенділігін арттыру амалдарымен, жоғарғы оқу орындарында кредиттік технологияға сәйкес «студент-оқытушы» жүйесінде өзара байланысқа негізделген оқу үдісін ұйымдастырудың басты қағидаларымен таныстыру.

Педагогикалық практикадан өткен докторанттың негізгі игерген **қабілеттері:** жоғарғы мектеп педагогикасы ілімдерін, педагогикалық қызметтің психологиясын ескере отырып, шешендік өнерді дамытып, пәнге деген ықыласты дамытып, оның ерекшелігін көрсете отырып, практика мен байланысын анықтауға логиканы, мәдениетанудың ұғым аппаратын, оның іргелі және арнайы мамандық пәндерін сауатты түрде қолдану. Аудиторияны тәрбиелік маңызы бар сыни талдауға қабілетін, салыстыра ойлауға үйренуін, шылфу мәдениетін қалыптастыру үшін қарым-қатынастарға икемдігін, аудитория мен сұқбаттасу тәсілін дамыту.

2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ:

Дінтану бөлімінің докторанттарының педагогикалық тәжірибесі *үш негізгі бөлімнен* тұрады:

1. Оқытудың түрлі әдістемелерін және технологияларын қолдана отырып, дәрістер, семинар, коллоквиумдар түрінде оқу үдерісін және

әдістемелік жұмысты жүргізетін, оқытушы-стажерлар ретіндегі практиканттар жұмысы.

Докторанттар педагогикалық тәжірибе шеңберінде бакалавриат пен магистратурада білім алушылармен 6 лекциялық, 9 практикалық (лабораториялық/ семинар), оқытушының қатысуымен білім алушылардың өзіндік жұмыс дәрісін даярлап, өткізулері тиіс. Докторанттар үшін сынақтық лекция, сынақтық практикалық дәріс және сынақтық әдістемелік семинар жеке жүргізіледі).

Оқу және әдістемелік жұмыс пассивті және белсенді бөліктерден тұрады.

Пассивті практика:

- жоғары оқу орнындағы оқытушының сабақтарына қатысу;
- дінтану бөлімінің кафедрасынан берілген жеке оқытушы-кеңесшінің сабағына қатысу (өз қалауы бойынша кафедра меңгерушісінің, тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатысуына болады).

Белсенді практика:

- практиканттың оқытушы-кеңесшінің және басқа да практиканттардың қатысуымен **сабақ өткізу**;
- талқылау хаттамасы рәсімделген **2-сынақты сабақ**; (дәріс, семинар)
- басқа практиканттардың сабақтарына **міндетті түрде** қатысу.

Практика барысында студенттер дінтану бөлімінің кафедрасының бір отырысына қатысуы тиіс, сонымен бірге әдістемелік секция отырыстарына, жоғары оқу орындарының педагогикалық кеңестеріне қатысуы тиіс.

2. Психологиялық зерттеу жалпы және этникалық психология кафедрасының бағдарламалық тапсырмасына сай жасалады (академиялық топтың, студент тұлғасының әлеуметтік-психологиялық портреті).

3. Педагогикалық жұмыс жалпы және этникалық педагогика кафедрасынан белгіленген куратордың бағдарламалық тапсырмасына және практикант оқу жұмысын жүргізетін топ әдвайзерінің тәрбиелік шараларына сай жүргізіледі (басқа практиканттардың сабақтарына қатысып пікір жазу, тәрбиелік шараларды ұйымдастыру және т.б.).

1. Танысу: дәрістің және семинардың бағдарламалары, кәсіптің жоспары

2. Қарастыру: дәрістің, оқу материалдың мазмұны

3. **Зерделеу:** оқу және әдістемелік материалдар(кәсіптің жоспарлары, оқу және тестілік материалдар ж.б.)
4. **Оқу сабағын жүргізу:** дінтану пәннің бакалавриат және магистратура сабақтар.

3. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЖҮРГІЗУ

«Дінтану» мамандығы бойынша докторанттардың педагогикалық практикасы Мемлекеттік білім беру стандартына, философия және саясаттану факультетінің күндізгі бөлімінің біліктілік мінездемесіне және оқу жоспарына сай жүргізіледі. Практика мерзімдері оқу жоспары және оқу үдерісінің кестесіне сай жүргізіледі - **теоретикалық оқумен қатар 14 апта жүреді.**

Практикаға тікелей жетекшілік ететіндер:

- практиканттардың нақты оқу-әдістемелік жоспарын қамтамасыз ететін әдістемелік кеңес беруші ретінде бекітілген мәдениеттану бөлімінің кафедрасының оқытушылары;
- дінтануды оқыту әдістемесі, жоғары мектеп педагогикасы және психологиясы бойынша сабақ жүргізген жалпы және этникалық психология кафедрасының, жалпы және этникалық педагогика кафедрасының оқытушылары.

Олардың әрқайсысы практиканың өзіне тиісті бөлімін басқарады және магистранттар жұмысының мазмұны мен сапасына жеке жауапкершілік тартады және магистранттардың педагогикалық практика нәтижелерін, білімдерін, дағдыларын Университетте белгіленген бағалау шкаласына сай тиісті бағасын қояды.

Практиканы жалпы басқару, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау тәртібімен практиканттарды таныстыру, магистранттарды практика базаларына орналастыру, практика барысын қадағалау және барлық бөлімдер бойынша жалпы және жеке түрде нәтижелерін шығару.

Факультет деканаты жағынан практиканы қадағалау, оны өткізу және ұйымдастыру үдерісінде пайда болған сұрақтарды шешу деканның оқу ісі жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

Практика барысында бітіруші-магистранттарға **«оқытушы-стажер»** статусы беріледі.

Дінтану бөлімінің практикасын басқаратын оқытушы педагогикалық практиканы өткізу, оның мерзімі және өткізу орны, магистранттарды практика базаларына орналастыру, жетекшілік ететін оқытушылар міндеттерін бөлу туралы университе бойынша бұйрық дайындайды.

Педагогикалық тәжірибе практиканттардың төмендегідей қызмет түрлерін қамтиды:

- педагогикалық тәжірибеден өту жеке жоспар кестесін зерделеу;
- ғылыми-әдістемелік кеңестерге қатысу, кафедраның оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстарын ұйымдасыру қызметімен танысу;
- университетің жетекші оқытушыларының оқыту тәжірибесін ғылыми, сабақтас ғылымдар пәндері бойынша дәрістерге қатысу барысында үйрену;
- нормативті және құқықтық құжаттарды (ҚР «білім беру туралы» заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, оқу жұмыс жоспарлары, типтік бағдарламалар, т.б.) оқып үйрену;
- магистранттар мен докторанттардың өткізген сабақтарына қатысу және талдау жасау;
- оқу дәрістерінің мазмұнын жеке зерделеу мен жоспарлау, оқу-әдістемелік материалдарды зерделеу;
- пән бойынша оқу сабақтарын жүргізу (лекциялар, семинарлар, практикалық және лабораторлық сабақтар);
- білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу, ғылыми студенттік (магистрлік) ізденулерге жетекшілік ету, студенттердің (магистранттардың) іздену тәжірибелеріне жетекшілік ету.

4.ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІ (БАЗАСЫ)

Дінтану бөлімінің докторанттардың педагогикалық практикасын өткізу базасы, мамандықтың ерекшелігін және кәсіптік дайындығын ескергенде:

1. Дінтану докторантура бөлімінің педагогикалық практика өткізудің *негізгі базасы* әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болып табылады.

Практиканы өткізудің ғылыми-әдістемелік базасы:

1. докторантура түлектерін оқытушы-стажер ретінде белгілейтін, практикалық жұмысты ұйымдастырушы мәдениеттану бөлімінің кафедрасы.

2. Жалпы және этникалық психология, жалпы және этникалық педагогика кафедралары, практиканың психологиялық және педагогикалық бөлімдеріне жетекшілік ететін оқытушылар.

3. Алматы қ. жоғары оқу орындарының және ҚазҰУ әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес және бөлімдер, онда оқу жоспары және бағдарламаларына сай мәдениеттану, философия тарихы, логика, этика, эстетика және басқа да мәдениеттану пәндер, арнайы курстар, семинарлар және факультативтер өткізіледі. Осы бөлімшелер практиканттардың (оқытушы-стажер) психологиялық-педагогикалық зерттеулері және тәрбие жұмысы үшін базалық болып табылады.

5. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ ЕСЕП БЕРУ ҚҰЖАТТАРЫ

Білім алушылар тәжірибе қортындысы бойынша жасалған жұмыс көлемі мен деңгейіне сәйкес есеп береді. Тәжірибе есебіне білім алушыға тәжірибе жетекшісі қол қойған, деканаттың мөрімен куәландырылған тиесілі баға қойылған мінездеме кіреді. Тәжірибе жетекшісі өз ұйғарымы мен практиканттардың есебі негізінде тәжірибе нәтижесі туралы қорытынды шығарады. Тәжірибе есептері мен жетекшілердің қорытындылары түлек шығарушы кафедра отырысында тыңдалады.

Есепке докторанттардың тәжірибе кезінде зерделеген оқу-әдістемелік материалдары (сабақ жоспарлары, оқу және тесттік материалдар, т.б.) тіркеледі. Тәжірибенің бағасы аралық аттестация кезеңінде қойылады.

1. Тәжірибе бойынша негізгі құжат докторант күнделікті толтыратын «Практикант күнделігі» болып табылады.

Күнделік — титул беті, келесі беттерде төмендегі тәртіппен жазылады:

- қоңыраулардың аусымдық кестесі;
- оқу орнындағы практиканттың сабақ кестесі;
- бекітілген топтағы сабақ кестесі;
- бекітілген топ студенттерінің тізімі (уақытша журнал)

есептік құжаттарды рәсімдеу талаптарына сай рәсімделеді.

Күнделікке бөлімдер (колонкалар) қосылады:

- қандай-да бір жұмысты өткізу күні және уақыты (оның ішіне оқу орнының әдістемелік және педагогикалық кеңестеріне, кафедра мәжілістеріне қатысу; дәрістер мен семинарларға дайындық; тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және қатысу, дайындау; психологиялық-педагогикалық зерттеулер және т.б. кіреді);

- жұмыс түрлерінің атаулары;

- жұмыс жасалғаны туралы практика жетекшісінің қолы қойылған құжат.

Күнделік соңында практиканттың барлық жазбаларынан кейін психология және педагогика кафедраларының оқытушылары, мәдениеттанулық бөлімінің кафедрасының магистрантқа тікелей жетекшілік ететін оқытушы-кеңесшісі әрқайсысы жеке жұмыс нәтижелері жөнінде, оң жақтарын ескеріп, кемшіліктері мен ұсыныстарын көрсете отырып, пікір жазуы тиіс (оның ішінде, егер қажет болса – жалпы практиканы ұйымдастыру мен өткізу бойынша).

Пікір соңында практиканың нақ осы бөліміне қатысты қабылданған ережесіне сай магистрант қызметіне әрбір оқытушы баға қояды².

2. Жасалған жұмыс жөніндегі практикант есебі

3. *Практиканың педагогикалық бөлімі бойынша материалдар:*

- басқа практикант-курстастардың сабақтарына қатысу, пікір жазу;
- сынақтық аудиториядан тыс іс-шараның нұсқаулығы, онда: тақырып, өткізіліп жатқан іс-шараның мақсаты, өту орны мен уақыты, Ұйымдастыру және өткізу жоспары, қолданылатын көрнекіліктер, өткізу сценаріі болуы тиіс.

4. *Психологиялық бөлім бойынша материалдар:* студент немесе студенттік топтың психологиялық мінездемесі; зерттеу әдістері мен нәтижелері, ұсыныстар және т.б.

5. *Әдістемелік нұсқаулықтар:*

- әдістемелік нұсқаулықтар және дәрістер мен семинарлардың мәтіндері (тезистері);

6. Мінездеме (2 дана — факультетке және педагогика кафедрасына), кафедрадан бекітілген жеке кеңесшінің, оқытушы-әдістемешінің практиканттың практика барысында өз міндеттерін орындағаны туралы тұжырым болып табылады. Мінездемеде атқарылған оқу жұмысына және аудиториядан тыс тәрбиелік жұмысқа баға қойылады. Мінездеме мәтінін факультет деканы бекітеді және мөр басылады.

6. ПРАКТИКАНТТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. PhD Докторанттары педагогикалық тәжірибеден өту кезеңінде туындаған мәселелер бойынша тәжірибе жетешілерінен кеңес сұрауға, университет пен факультет кабинеттеріндегі оқу-әдістемелік құралдарын пайдалануға,

тәжірибені ұйымдастыру ісін жетілдіру мақсатында ұсыныстар енгізуге құқылы.

2. Практиканттар педагогикалық тәжірибеден өту кезеңінде оқыту әдістерін үйрену, озат педагогикалық тәжірибелермен танысу мақсатында алдын ала келісім бойынша университеттің жетекші оқытушыларының дәрістеріне қатысуларына болады.

3. Практиканттар педагогикалық кәсіби тәжірибеден өту кезеңінде жеке жоспар кестесіне сәйкес жұмыстың барлық түрін орындауға міндетті.

4. Практиканттар университеттің ішкі тәртіп ережелеріне, әкімшілік пен тәжірибе жетекшілерінің ұйғарымына және техника қауіпсіздігі талабына бағынады. Білім алушылар практиканттарға қойылған талаптарды орындамаған жағдайда тәжірибеден өту ісінен шеттетіледі.

4.5. Тәжірибеден шеттетілген немесе тәжірибе жұмысы қанағаттанарлықсыз деп танылған PhD докторанттары оқу жоспарын орындамаған деп саналады. Оларға тәжірибе жетекшілерінің шешімімен тәжірибеден өту ісі қайта тағайындалуы мүмкін.

4.6. Практиканттар тәжірибе бағдарламасына сәйкес тәжірибе аяқталғаннан кейін белгіленген мерзімде есеп беру құжаттарын тапсыруға міндетті.

7. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА БОЙЫНША ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Практика нәтижелерін қорғау арқылы қорытынды шығару практикант оқытушы-стажер болған дінтанулық бөлім кафедрасында жүзеге асырылады. Жалпы және этникалық педагогика мен жалпы және этникалық психология кафедралары практика нәтижелері бойынша жеке отырыстар өткізіуі мүмкін.

Практика нәтижелері тәжірибеден өткен барлық магистранттардың, жалпы және этникалық педагогика мен жалпы және этникалық психология кафедраларынан бекітілген кураторлардың, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, басшыларды шақырумен, оқытушы-әдістемешілердің, сонымен қатар мәдениеттанулық бөлім меңгерушісі және оқытушыларының қатысуымен өткізілген қорытынды конференцияда жалпы шығарылады. Қорытынды бағаларды қою конференциядан кейін жүргізіледі.

Дінтанулық бөлім барлық практиканы басқарушы оқытушыға факультет деканының өкімімен бекітілген уақытта қорытынды есепті тапсыру жүктелген.